Серуендеу	<p>Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойр молайту. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Дербес ойындар: 1. «Тәтті тоқаштар» пісірейік</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік» . Мақсаты: Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау.</p>	<p>Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Қимылдық ойын: «Монданақ» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Орта доп 2. Әткеншек тебу 3. Қуаласпақ</p>	<p>Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла» деген бағытта түсінік беру. Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Итеріспек» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Аландағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. Қимылдық ойын: «Үрпек төбет» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Төбешіктен-төбешікке секір. 2. Күн мен түн</p>

	2. «Мені қуып жет»				
--	--------------------	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафаға киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				
	<p>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар</p> <p>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.</p> <p>Нан өмірдің ана сүті арқауы</p> <p>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.</p>	<p>Ас атасы-нан.</p> <p>Нан атасы дән.</p> <p>Нан бар жерде, ән бар.</p> <p>Нан бар жерде-тірлік бар.</p> <p>Нан туралы мынадай тиым сөздер бар.</p> <p>Нанды лақтыруға болмайды.</p> <p>Нанды бір қолмен үзбе.</p> <p>Нанды аяқпен басуға болмайды.</p>	<p>Жасамас үшін ағаттық</p> <p>Тыңда ақылды қабылдап.</p> <p>Алдында ішер тамақтың,</p> <p>Қолынды жу сабындап</p>	<p>Нан қоқымын шашпандар</p> <p>Жерде жатса баспандар</p> <p>Теріп алып, қастерлеп</p> <p>Торғайларға тастандар</p>	<p>Нан-тамақтың атасы</p> <p>Ынтымақ-көптің батасы</p> <p>Тістем наның қадірін</p> <p>Тарыққанда білерсін</p>
Түскі ұйқы	«Мақтақыз бен мысық» ертегісін оқып беру	«Үш торай» ертегісін оқып беру	«Жеті лак» ертегісін оқып беру	«Кішкентай ақылды балапан» ертегісін оқып беру	Балалардың қалауымен ертегі оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Массажды алашалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау.	Ояну, шынықтыру шаралары. Ұйқыдан ояту, төсек орнынан отырып қолға арналған жаттығулар жасау. Беті қолдарын жуғызу.	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түймелермен және жұмсақ жолақшалармен жүру
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты таусытып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу.				

Ойындар, дербес әрекет	Сюжеттік рөлдік ойын: «Асхана» Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Қуыршақты шомылдырамыз» Мақсаты: Балаларды дұрыс жуына білуге дағдыландыру, киімдердің атын дұрыс атай білуге баулу, шешінгенде киімдерін дұрыс қоюға балаларды сумен, сабынды пайдалана білуге үйрету.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Бекжан, Еңлік, Кеңес түстер ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білуге дағдыландыру.	Вариативтік компонент: «Ойлайықта, ойнайық!» «Ойлан тап, бұл қай сан?»	Раяна, Аяла, Сафия «Сөздерді аяқта» ойыны Мақсаты: есте сақтауларын нығайту.	Инжу мен Каринамен түстер ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білуге дағдыландыру.	Раскраска еркін бояу Мақсаты: контурдан шықпай әдемі бояуға баулу.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
III апта (15-19 қараша 2021ж.)
Ересек «Құлыншак» тобы
Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.11	Сейсенбі 16.11	Сәрсенбі 17.11	Бейсенбі 18.11	Жұма 19.11
Балаларды қабылдау Ата-аналарымен әңгімелесу	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сезідіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Қапшықтан алып шық» ойынын ойнату. Мақсаты: үстел үстіне бір фигураны қояды. Балалардың біреуі шығып, қапшықтың ішінен дәл сондай фигураны табуларын сұрайды.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Д/ойын: "Суретті жина" М/ы: қағаз қиықтарын біріктіріп суретті құрастыруға үйрету.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Көліктер»	«Сақинаны кигізу» үстел-үсті ойыны. Мақсаты: сақиналарды тұғырға кигізу арқылы саусақ қимылын, көзбен бағдарлай алуын дамыту.	«Домино» Балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына мүмкіндіктер беру.
Танертенгі жаттығу	№ 6-ші танертенгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, «Бата беру», «Ас қайтру» дәстүрлерін үйрету.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Санамақтар Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	Санамақтар Он саусақ Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ	Санамақтар Бір аптада Бір аптаның күндері өтті: 1. Дүйсенбіде гүлдер ектім. 2. Сейсенбіде алма тердім. 3. Сәрсенбіде су әкелдім. 4. Бейсенбіде бақша баптап, 5. Жұма күні тақпақ	Санамақтар Бас бармағым – атам, Балалы үйрек – әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. Міне, менің барлық отбасым.	Санамақтар Бір үйде нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек –

		<p>Алты дегенім – алты саусак Жеті дегенім – жеті саусак Сегіз дегенім – сегіз саусак Тоғыз дегенім – тоғыз саусак Он дегенім- он саусак Он қолымда бес саусак Сол қолымда бес саусак Екеуін қосып санап ем Барлығы болды он саусак Барлығыда әп ай ай, Бейне бір он бауырсақ.</p>	<p>жаттап, 6. Сенбіде мен саған бардым. 7. Жексенбіде бір демалдым.</p>		<p>мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.</p>
--	--	--	---	--	---

<p>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №6 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру әдістерін қайталап, орындықтар арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер» Мақсаты: Табиғи заттардан жемістер немесе көкөністерді құрастыру, өзінің және құрдастарының</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жануарлар және олардың төлдері» Мақсаты: Олардың атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдері мен жасалуын, зат есімдерді, жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту. Сурет салу Тақырыбы: «Дәруменді жидек» Мақсаты: Салу әдістерін пысықтау, қол қимылын дамыту. Вариативтік компонент «Тапқыштар әлемі» Тақырыбы: «Ойлан, тап» Мақсаты: Заттардағы</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №5 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: Тізені жоғары көтеріп шеңбер бойлап жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Токтап затты алысқа, тура нысанаға лақтыру, 40 см биіктіктегі доға астымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау. Мақсаты: сахналау кезінде кейіпкерлер ролін</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғат құбылыстары» Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру жел, жаңбыр, бұлт. Мүсіндеу Тақырыбы: «Табақтағы күлшелер» Мақсаты: түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №6 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай секіру. Заттар арасымен еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Вариативтік компонент: «Табиғат әлемі» Тақырыбы: Күн бізге жылы мен жарық Сыйлайды Мақсаты:</p>
--	---	---	---	---	---

	жұмысын бағалау Музыка Тақырыбы: «Менің Отаным»	айырмашылықты аңғаруға білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыру. Тапсырманы зейін қойып орындай білуге тәрбиелеу.	орындауды үйрету. Математика негіздері Тақырыбы: «Нешінші саны бойынша, қайсысы?» Мақсаты: сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту.		Күн - жарық пен жылудың қайнар көзі екені балаларға жеткізу; «энергия жарығы» туралы түсінік беру, әр түрлі материалдар және заттар дәрежесінің жұтып алуын көрсету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киімдегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау. Балалардың серуенге қызығушылығын арттыру.				
Серуендеу	Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Такпак үйрету арқылы балалардың	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Қимылдық ойын: «Доппен ұрып алу» Еркін ойын: 1. Қуаласпак. 2. Тығылыспак.	Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, құстарға	Бақылау: Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге; күннің салқындауы, жанбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс : «Күз» өлені.	Бақылау: Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : «Күзгі киім»

	<p>есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.</p> <p>Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық»</p> <p>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қуаласпақ. 2. Тығылыспақ. 		<p>камкор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс:</p> <p>Жылы жаққа ұшпайтын</p> <p>Біздің жақта қыстайтын</p> <p>Құстар жүрсе жуықта,</p> <p>Жем шашуды ұмытпа!</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал»</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тығылыспақ. 2. Допты қуалау. 	<p>Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған.</p> <p>Сары жапырақтар төгілген,</p> <p>Тоғайды да көрдім мен.</p> <p>Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер»</p> <p>Дербес ойындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қуаласпақ 2. Қояндар секіреді. 	<p>Мақсаты : Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету .</p> <p>Қимылдық ойын : «Ортасына дейін кім бұрын жетеді?»</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тығылыспақ. 2. Допты қуалау.
--	---	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				
	<p>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар</p> <p>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.</p> <p>Нан өмірдің ана сүті</p>	<p>Ас атасы-нан.</p> <p>Нан атасы дән.</p> <p>Нан бар жерде, ән бар.</p> <p>Нан бар жерде- тірлік бар.</p>	<p>Жасамас үшін ағаттық</p> <p>Тында ақылды қабылдап.</p> <p>Алдында ішер тамақтың,</p>	<p>Нан қоқымын шашпандар</p> <p>Жерде жатса баспандар</p> <p>Теріп алып, қастерлеп</p>	<p>Нан-тамақтың атасы</p> <p>Ынтымақ-көптің батасы</p> <p>Тістем наның қадірін</p> <p>Тарыққанда білерсің</p>

	арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.	Нан туралы мынадай тиым сөздер бар. Нанды лақтыруға болмайды. Нанды бір қолмен үзбе. Нанды аяқпен басуға болмайды.	Қолыңды жу сабындап	Торғайларға тастандар	
Түскі ұйқы	Балалардың калауымен ертегі оқып беру	«Масақ» украйын халық ертегісін оқып беру	«Айлакер түлкі» ертегісін оқып беру	«Екі сараң қонжық» ертегісін оқып беру	«Қорқақ қоян» ертегісін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау	Түймелермен және жұмсақ жолақшалармен жүру	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Ояну, шынықтыру шаралары. Ұйқыдан ояту, төсек орнынан отырып қолға арналған жаттығулар жасау. Беті қолдарын жуғызу. Массажды алашалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау.	«Жалаң аяқ жүр» сауықтыру шаралары.
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты таусытып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесіу.				

Ойындар, дербес әрекет	Дю «Бағдаршам» Мақсаты: бағдаршам туралы білім беру. Түстерді бала бойында қалыптастыру. Түстерді атай және ажырата білуге дағдыландыру.	«Жүргізуші» сюжеттік-рөлдік ойын. Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Дәрігер» № 37 Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа,	«Жолаушылар» сюжеттік-рөлдік ойын <u>Мақсаты:</u> Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	«Үйшік» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Сахналау арқылы үйшік ертегісімен таныстыру, сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез- құлқын келтіру, түрлі дауыс қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимыл жасауға үйрету. Балалардың
-----------------------------------	--	---	---	--	---

			жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.		сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, достыққа, татулыққа тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Али, Төреали, Жанеркемен жеке жұмыс. Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: Балалардың әріптерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Мейірім, Қазынамен жеке жұмыс «Шишканы жинаймыз» Ойын түрі : Дидактикалық ойын Мақсаты : Балаларды қанша зат бар екендігін саны арқылы ажыратуға үйрету, аз, көп ұғымдарын меңгерту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Инжу, Сезімен«Күз» мезгілі туралы әңгімелесу. Күз айларын жатқа айтуға дағдыландыру. (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Кәусар, Дамирмен жеке жұмыс Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын толықтыру. Үй жануарларын атауын дұрыс айтуға тілін жаттықтыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Қарахатпен өткен әріптерді дұрыс ажырата білуге, сол әріптен басталатын сөздерден сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

ЦИКЛОГРАММА
IV апта (22-26 Қараша 2021ж.)
Ересек «Құлыншақ» тобы
Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.11	Сейсенбі 23.11	Сәрсенбі 24.11	Бейсенбі 25.11	Жұма 26.11
Балаларды қабылдау Ата-аналарымен әңгімелесу	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Қапшықтан алып шық» ойынын ойнату. Мақсаты: үстел үстіне бір фигураны қояды. Балалардың біреуі шығып, қапшықтың ішінен дәл сондай фигураны табуларын сұрайды.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Д/ойын: "Суретті жина" М/ы: қағаз қиықтарын біріктіріп суретті құрастыруға үйрету.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Көліктер»	«Сақинаны кигізу» үстел-үсті ойыны. Мақсаты: сақиналарды тұғырға кигізу арқылы саусақ қимылын, көзбен бағдарлай алуын дамыту.	«Домино» Балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына мүмкіндіктер беру.
Танертенгі жаттығу	№ 6-ші танертенгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, «Бата беру», «Ас қайтру» дәстүрлерін үйрету.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Санамақтар Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	Санамақтар Он саусақ Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ	Санамақтар Бір аптада Бір аптаның күндері өтті: 1. Дүйсенбіде гүлдер ектім. 2. Сейсенбіде алма тердім. 3. Сәрсенбіде су әкелдім. 4. Бейсенбіде бақша баптап, 5. Жұма күні тақпақ	Санамақтар Бас бармағым – атам, Балалы үйрек – әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. Міне, менің барлық отбасым.	Санамақтар Бір үйде нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек –

		<p>Алты дегенім – алты саусак Жеті дегенім – жеті саусак Сегіз дегенім – сегіз саусак Тоғыз дегенім – тоғыз саусак Он дегенім- он саусак Он қолымда бес саусак Сол қолымда бес саусак Екеуін қосып санап ем Барлығы болды он саусак Барлығыда эп ай ай, Бейне бір он бауырсақ.</p>	<p>жаттап, 6. Сенбіде мен саған бардым. 7. Жексенбіде бір демалдым.</p>		<p>мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.</p>
<p>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №бтаңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: Жүру, жүгіру әдістерін қайталап пысықтау, скамейка үстімен жүру, секіріп түсуді қайталау.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Менің Отаным»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жақсы бала» Мақсаты: Сөзді дыбыстау мәдениетін дыбыстауға арналған «Хақсы бала қандай бала», «Не деу керек» дидактикалық ойындар арқылы сөйлеуді үйрету Сурет салу Тақырыбы: «Құмырадағы гүлдер» Мақсаты: Гүл элементтерінің пішінін реттілігін олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып ұжыммен салуды қалыптастыру. Вариативтік компонент «Тапқыштар әлемі» Тақырыбы: «Сикырлы қоржын»(Ойын) Мақсаты: Геометриялық фигураларды тани білу</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №бтаңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: Жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Еңіс тақтай бойымен (20-30см) Жүру дағдыларын қалыптастыру. екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру, қағып алуды пысықтау. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қоян мен түлкі » ертегісі Мақсаты: Достық қарым- қатынас және өзара көмек беру қабілетін «Қоян мен түлкі » ертегісін сахналау арқылы дамыту. Математика негіздері</p>	<p>Орыс тілі Тема: «Фрукты» Цель:обучения словам, обозначающим признак предмета – величину. Задачи: учить называть фрукты, развивать умение произносить гласные звуки «О», «А», «У» изолированно, в слоговых сочетаниях; развивать речь, внимание, память; воспитывать устойчивый интерес к изучению русского языка. Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттағы маусымдық өзгерістер» Мақсаты: Бакылаудың нәтижелерін табиғат</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №бтаңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар:еркаін және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Еңіс тақтай бойымен (20-30см) Жүру дағдыларын қалыптастыру. екі қолмен Музыка Тақырыбы: «Қазақстан-кең байтақ елім» Вариативтук компонент: «Табиғат әлемі» Тақырыбы: Сикырлы шынылар</p>

		дағдыларын қалыптастыру.	Тақырыбы: «Тендік және теңсіздік» Туралы ұғымдарын қалыптастыру Мақсаты: Салыстырылған топтар бір көп, бір және екі, екі және үш, үш және төрт, төрт және бес .	күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру, қалыптастыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Үйрек балапандарымен» Мақсаты: Оларға тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі бойынша көлемін жасауды үйрету.	Мақсаты: Балаларды байқағыш құралымен таныстыру-микроскоппен, лупамен, дүрбімен, телескоппен олар не үшін қажет екенін түсіндіру.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау. Балалардың серуенге қызығушылығын арттыру.				
Серуендеу	Теректі бақылау. Мақсаты: Теректің құрылысы-тамыры, діңі, бұтағы, жапырақтарын көрсете сипаттау. Күз мезгілінде оның өсуі баяулайтындығы туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек : Әсем ағаштар. Мақсаты: Ағаштардың түптерін қопсытып, су құю. Балаларды табиғат әсемдігін сезіне білуге, өсімдіктерді күтуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Күзгі бақ» өлені. Мақсаты: Күз туралы білім-дағдыларын тереңдету, сөздік қорларын жетілдіру. Есте сақтау қабілеттері дамыту.	Жерді бақылау. Мақсаты: Жер бірнеше қабаттардан тұратындығын, олардың ең беткі қабатты-топырақ екендігін айтып түсіндіру. Еңбек: Әсем ағаштар. Мақсаты: Ағаштардың түптерін қопсытып, оларға су құю. Өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс : «Байтақ дала келбеті» (Сурет бойынша әңгімелеу). Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту, туған өлкесінің алуан түрлілігіне сүйіспеншілігін арттыру, сурет бойынша әңгіме құра білуге үйрету. Қимылдық ойын : «Кім тезірек?» Балалардың өз бетімен ойнауы. 1. Орта доп.	Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : «Күзгі киім» Мақсаты : Күзгі	Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс : «Күз» өлені. Мақсаты: Күз мезгілінің	Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта,

	<p>Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Қимылдық ойын: «Доппен ұрып алу» Еркін ойын: 1. Қуаласпақ. 2. Тығылыспақ.</p>	<p>2. Тығылыспақ.</p>	<p>киім атауларын үш тілде үйрету . Қимылдық ойын : «Ортасына дейін кім бұрын жетеді?» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Допты қуалау.</p>	<p>ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер» Дербес ойындар: 1. Қуаласпақ 2. Қояндар секіреді.</p>	<p>Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Қимылдық ойын: «Ұстаушы, лентаны ал» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Допты қуалау.</p>
--	--	-----------------------	--	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				
	<p>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.</p>	<p>Ас атасы-нан. Нан атасы дән. Нан бар жерде, ән бар. Нан бар жерде- тірлік бар. Нан туралы мынадай тиым сөздер бар. Нанды лақтыруға болмайды. Нанды бір қолмен үзбе. Нанды аяқпен басуға болмайды.</p>	<p>Жасамас үшін ағаттық Тыңда ақылды қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап</p>	<p>Нан қоқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар</p>	<p>Нан-тамақтың атасы Ынтымақ-көптің батасы Тістем наның қадірін Тарыққанда білерсің</p>

Түскі ұйқы	«Екі саран қонжық» Ертегісін оқып беру	Балалардың қалауымен ертегі оқып беру	« Төрт мезгіл» ертегісін оқып беру	«Түлкі мен бөдене» ертегісін оқып беру	«Үш қыз» ертегісін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау	Түймелермен және жұмсақ жолақшалармен жүру	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Ояну,шынықтыру шаралары .Ұйқыдан ояту,төсек орнынан отырып қолға арналған жаттығулар жасау.Беті қолдарын жуғызу. Массажды алашалардан өту. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығу жасау.	«Жалаң аяқ жүр» сауықтыру шаралары.
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты таусытып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің , құрттың пайдасы туралы әңгімелесіу.				

Ойындар, дербес әрекет	«Үлкенге- құрмет,кішіге ізет» «Мақал - мәтелдер» Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру	Ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.	«Тігінші» № 33 Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім	«Театр» сюжетті- рөлді ойын Мақсаты: Өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету, балалар арасындағы жағымды қатынастарын қалыптастыру. Балаларды мәдени мекеме мен олардың әлеуметтік маңыздылығы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың театр, театр тобы, театр қызметкерлері туралы білімдерін бекіту, театрдағы ұжымдық жұмыс түрлерін көрсету, мәнерлеп сөйлеуін дамыту.	Сюжеттік - рөлдік ойын «Отбасы» №4 Мақсаты: Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.
-----------------------------------	---	---	--	--	---

			үлгілері, маталар.		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Мейірім, Аяла, Бекжан жеке жұмыс «Әр түрлі етіп көрсет» Мақсаты: балаларға биік-аласа, жылдам баяу, ауыр жеңіл ұғымдарын меңгерту.	Кенес, Карина, Нұрасыл жеке жұмыс 1-5-ке дейін тура кері қарай санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Раяна мен Софиямен жеке жұмыс жүргізу. геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажыратуды және атай білуді жалғастыру.	Раяна, Ислам, Мейірімге өсімдіктермен жануарларға күтім жасау керектігін әдістерін білуді жалғастыру	Жеке жұмыс: Заңғарға, Инжу, Жанерке достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсетеді. сахнаны, алаңды бағдарлауды жалғастыру
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

ЦИКЛОГРАММА

I апта (29,11-3 желтоқсан 2021ж.)

Ересек «Құлыншақ» тобы

Өтпелі тақырып: «Алақай, қыс келді!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.11	Сейсенбі 30.11	2.12 Күнің екінші жартысында өтілді	Бейсенбі 2.12	Жұма 3.12
Балаларды қабылдау Ата-аналарымен әңгімелесу	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демеліс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Дидактикалық ойын. «Сәйкесін тап» Мақсаты: Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлық баулу	«Біреу-көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын қайталау. Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз	«Біреу-көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын қайталау. Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер. Ойын барысы: Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.	Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.

			екенін атап айтады.		
Таңертеңгі жаттығу	№ 7-ші таңертеңгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, «Бата беру», «Ас қайтру» дәстүрлерін үйрету.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	<p>Бір дегенім – баспак Бұзауды жүр бастап. Екі дегенім ешкі Ешкі қойдан есті. Үш дегенім – үйрек Жем бер, қолға үйрет. Төрт дегенім – тайлақ Тайлақты қой байлап.</p>	<p>Санамақтар Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.</p>	<p>Он саусақ Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ Алты дегенім – алты саусақ Жеті дегенім – жеті саусақ Сегіз дегенім – сегіз саусақ Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ Он дегенім- он саусақ Он қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ</p>	<p>Он саусақ Айтар болсам саралап Коп қой түрлі санамақ Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ Алты дегенім – алты саусақ Жеті дегенім – жеті саусақ Сегіз дегенім – сегіз саусақ Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ Он дегенім- он саусақ Он қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ</p>	<p>Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.</p>

			Екеуін қосып санап санап ем Барлығы болды он саусақ Барлығыда әп ай ай, Бейне бір он бауырсақ.	Екеуін қосып санап ем Барлығы болды он саусақ Барлығыда әп ай ай, Бейне бір он бауырсақ.	
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №7 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: жүру алға артқа, кері, тез, баяу, адымдап жүгіру, тез баяу секіру. 1 аяқпен және 2 аяқпен кедергілер арасымен еңбектеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Жануарлар» Мақсаты: Табиғи заттардан жануарларды құрастыру. Өзінің және құрдастарының жұмысын бағалау.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Қазақстан-кең байтақ елім»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киіз үй сыры» Мақсаты: сурет бойынша заттар туралы әңгіме тыңдау, үлгі бойынша әңгіме құрастыру Сурет салу Тақырыбы: «Әсем көйлек» Мақсаты: Көйлекті бояу және түстерді үйлестіруді үйрету. Эстетикалық талғамын дамыту.</p> <p>Вариативтік компонент «Тапқыштар әлемі» Тақырыбы: «Қызықты текше» Мақсаты: Сандардың ретін меңгерту</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Жалпы дамытушы жаттығулар. №7 таңертеңгі жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: жүру секіру, лақтыру жаттығуларын қалыптастыру.</p> <p>Көркем әдебиет «Екі аяз» ақыл ойын дамыта отырып сөйлемдердің түрлерін қолдануды үйрету</p> <p>Математика негіздері: «Ұлттық санамақпен танысу» Заттарды саластыру ретімен бойына</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттағы маусымдық өзгерістер» Мақсаты: Бақылаудың нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларының жетілдіру, қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Үйрек балапандарымен» Мақсаты: Оларға тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі бойынша көлемін жасауды үйрету Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қазақстаным» Мақсаты: Отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу. ЭКСПО ғимараты мен ұлттық мұражаймен</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №7 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: отырып допты бір-біріне домалату, биіктігі 40-45 см жіптің астымен еңбектеп өту. Майда қар түйірлерін нысанаға тигізіп лақтыру Музыка Тақырыбы: «Қыс өрнегі» Вариативтік компонент: «Табиғат әлемі» Тақырыбы: Балалар зертханасына саяхат Мақсаты: Ғалым кім екені туралы айту, (адамдар, әлемді және оның құбылыстарын зерттейтін), «Ғылым» сөзіне түсінік беру (тану), «гипотеза» (жорамал), эксперимент (тәжірибе) - әлемді тану қабілеті, Балалар зертханасына қызметі.</p>

			түсіне пішініне қарай қойып санауды дамыту.	таныстыру.	
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу. Киімді шкафқа ретімен жинау. Балалардың серуенге қызығушылығын арттыру.				
Серуендеу	<p>Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын</p>	<p>Бұршақты бақылау. Мақсаты: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Қимылдық ойын: «Торғайлар». Мақсаты: Шапшандыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар). Мақсаты: Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру. Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.</p>	<p>Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға қыстап қалған құстардың бірі – көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек: Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып, оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке</p>	<p>Қар (ұлпаларынын) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек»</p>	<p>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, - қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.</p>

	жүйелеп жеткізе білуге үйрету.		<p>жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа!</p> <p>Мақсаты: Балаларға такпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Қимылдық ойын: «Аққала жасау».</p> <p>Мақсаты: Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру.</p>	Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.	
--	--------------------------------	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.

	Ерте тұрып таңнан Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі.	Ас атасы-нан. Нан атасы дән. Нан бар жерде, ән бар. Нан бар жерде- тірлік бар.	Жасамас үшін ағаттық Тыңда ақылды қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап	Нан қоқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар	Нан-тамақтың атасы Ынтымақ-көптің батасы Тістем наның қадірін Тарыққанда білерсің
Түскі ұйқы	«Қолғап» ертегісін оқып беру	«Екі аяз» ертегісін оқып беру	«Ақша қар» Ертегісін оқып беру	Балалардың қалауымен ертегі оқып беру	«Ақылды лак» ертегісін оқып беру
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Түймелермен және жұмсақ жолақшалармен жүру	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау	Түймелермен және жұмсақ жолақшалармен жүру
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты таусытып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесіу.				

Ойындар, дербес әрекет	Сюжеттік рөлдік ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	«Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта» Мақсаты: кеністікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал- жабдықтары: суреттер Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген доп, мысық, көліктің қай жерде орналасқанын айтады.	«Жыл атасы» Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі? Тәрбиеші қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, қыс айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығу шылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлдік ойын: «Балабақша» Мақсаты: Тәрбиеші балаларды қабыл дап, таңертеңгілік жаттығуды өткізеді, ойнатады.
-----------------------------------	--	--	--	---	---

			<p>- Бүгін жыл атасы бізбен қыс туралы әңгімелескісі келеді. Ол бізге сары карточка әкеліпті.</p> <p>- Не үшін сары карточка әкелді?</p> <p>Әрбір карточкада керекті санды қоюға арналған күз айларына сәйкес келетін тор көз бар.</p> <p>Тәрбиеші айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынға қояды. Одан кейін тәрбиеші цифрды атайды, ал балалар айды атайды.</p>		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Айсана, Бекжан қыс мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Т.Раяна, Заңғар,Еңлікке 3,4,5 сандарын бояту, есте сақтау қабілетін дамыту .	Жеке баламен жұмыс: Карина. Аяла «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.	Жеке баламен жұмыс: Жанерке, Аянат таныс ертегілердің үзінділерін сахналауға ынталандыру.	Жеке баламен жұмыс: Жанеркені, Мейірімді сурет бойынша байланыстырып сөйлеуді үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

ЦИКЛОГРАММА ҮЛГІСІ
II апта (6-10 желтоқсан 2021ж.)
Ересек «Құлыншақ» тобы
Өтпелі тақырып: «Алақай, қыс келді!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 6.12	Сейсенбі 7.12	Сәрсенбі 8.12	Бейсенбі 9.12	Жұма 10.12
Балаларды қабылдау Ата-аналарымен әңгімелесу	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Балалардың демеліс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу	«Қай қолымда көп» Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.	«Түрлі-түсті пирамидалар» Мақсаты: балаларды құрас-тыруға үйрету.	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу	«Қай қолымда көп» Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.
Танертенгі жаттығу	№ 7-ші танертенгі жаттығу кешені				
Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, «Бата беру», «Ас қайтру» дәстүрлерін үйрету.				

<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</p>	<p>Бір дегенім – баспак Бұзауды жүр бастап. Екі дегенім ешкі Ешкі қойдан есті. Үш дегенім – үйрек Жем бер, қолға үйрет. Төрт дегенім – тайлақ Тайлақты қой байлап.</p>	<p>Бес дегенім – бие Құлынына ие Алты дегенім – атан Мініп жүрген атам. Жеті дегенім – жорға Жорғаны мін жолға Сегіз дегенім – сиыр Сиыр тұзға үйір. Тоғыз дегенім – тоқты Тоқты жемді соқты. Он дегенім осы Төрт түліктің досы.</p>	<p>Санамақтар Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.</p>	<p>Бір дегенім – баспак Бұзауды жүр бастап. Екі дегенім ешкі Ешкі қойдан есті. Үш дегенім – үйрек Жем бер, қолға үйрет. Төрт дегенім – тайлақ Тайлақты қой байлап.</p>	<p>Бес дегенім – бие Құлынына ие Алты дегенім – атан Мініп жүрген атам. Жеті дегенім – жорға Жорғаны мін жолға Сегіз дегенім – сиыр Сиыр тұзға үйір. Тоғыз дегенім – тоқты Тоқты жемді соқты. Он дегенім осы Төрт түліктің досы.</p>
<p>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №7 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: Жүру түрлері 1 минут. Заттардың арасымен оларға тиіп кетпей жүру және жүгіру. Команда бойынша сапқа тұру. кішкене қапшықты төбесіне қойып, ұзын тақтаймен жүру. Құрастыру Тақырыбы: «Әмиян» Мақсаты: саусақ қимылдарын дамыта отырып, қағазды бүктеу арқылы әмиян құрастырып үйрету,</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Туған өлкем» Мақсаты: ауыл, қала сипатын әңгімелеуді үйрету Сурет салу Тақырыбы: «Шана» Мақсаты: Үлгі бойынша сурет салуды қалыптастыру. Вариативтік компонент «Тапқыштар әлемі» Тақырыбы: «Заттардың арасындағы айырмашылығын анықтау». Мақсаты: Заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Белгілерді үлгі бойынша үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №7 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру түрлері. Допты жерге лақтыру және оны екі қолмен қағып алу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Сикырлы тон» Мақсаты: Ертегі желісін ретімен орындау. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан дұрыс мінез дағдыларын қалыптастыру. Көркем шығармалар бойынша драмалық дағдыларды дамыту.</p>	<p>Орыс тілі Тема: «Моя семья» Цель: формирование навыков понимания простых вопросов и ответов на них в виде короткого предложения. Задачи: учить называть членов своей семьи; развивать артикуляционный аппарат, учить петь протяжно звук «У»; закреплять умение слушать педагога, развивать внимание, память; воспитывать заботливое отношение и любовь к близким людям Жаратылыстану Тақырыбы: «Қысқы табиғат»</p>	<p>Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. №7 таңғы жаттығу комплексі. Негізгі қимылдар: Жүру, жүгіру түрлері. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында» Вариативтік компонент: «Табиғат әлемі» Тақырыбы: Су-өмірдің нәрі Мақсаты: Табиғаттағы судың айналымы туралы</p>

